

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical University named after Abay

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Психология» сериясы

Серия «Психология»

Series «Psychology»

№1 (46), 2016

Алматы, 2016

ХАБАРШЫ

«Психология» сериясы,
№1 (46), 2016

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір

2000 ж. бастау шығады

Бас редактор

психол.г.д., проф.

Ж.И. Намазбаева

Редакция алкасы:

РГВ докторы, гонорар-проф.

Н.А. Михайлова (Дюссельдорф), РГО докторы

Н.Л. Нагибина (Берлин), проф. А.Р.

Ермеитаева, психол.г.к., доц. Ж.К. Ибраимова,

психология магистры А.С. Косшыгулова

(жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2016

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10103 -Ж

Басуға 24.03.2016 қол қойылды. Пішімі 60x84
1/8. Көлемі 19.5 е.б.т Таралымы 70 дана.
Тапсырыс 33.

050010, Алматы қаласы.

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті Ұлттық баспасы.

Намазбаева Ж.И. Теоретико-методологический анализ психологических основ духовно-нравственного становления человека	5
Namazbayeva Zh. I. Theoretical and methodological analysis of psychological bases of spiritual and moral formation of the person	5
Аймаганбетова О.Х., Файзуллина А.К., Адилова ЭЛ. Понятие и основные типологии религиозной идентичности... ..	14
Aimaganbetov N. O., faizullina A. K., Adilova AL. The concept and basic typology of religious identity	14
Данабекқызы Д., Сангилбаев О.С. Жасөспірімдер арасында тұлғаралық қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін зерттеу	20
Danabekkyzy D., Sangilbaev OS Zhasospirimder arasynda tylgaralyk Karym-katynastyң psychologyla aspect_lerin zertteu.....	20
Ниетбаева Г.Б. Некоторые особенности психологического здоровья студентов	22
MiyеЛаусуа С.В. 50те Геаингез оГ.чінІепі рзучоіо^ісai heahh	22
Бекмуратова Г.Т. Особенности учебной мотивации в подростковом возрасте	25
Bekmuratova G. T. Features of educational motivation in adolescence	25
Ибраимова Ж.Қ. Қазіргі кезеңдегі оқу жағдайын жүйелі түрде ұйымдастыру және оның құрылымы.	30
Ibraimova Zh.K. The current state of education is well-coordinated organization and its structure	30
Абдуллаева Г.О., Сарсен Ш. К вопросу о профилактике кризисов профессионального самоопределения будущих педагогов-психологов.....	34
Abdullaeva GO, Sarsen Sh. Prevention of Crisis Prevention of Professional Self-Determination of Future Pedagogues-Psychologists	34
Боброва В.В., Яковенко П.В. Формирование предпосылок речевого развития у детей дошкольного возраста с нарушением интеллекта посредством электронного учебного пособия.....	38
Bobrova V.V., Yakovenko P.V. Formation of the prerequisites for speech development in preschool-aged children with intellectual disabilities through an electronic textbook	38
Абдрасилова А.А., Сатиева Ш.С. Экзистенциалды дүние-таным-психикалық саулықтың негізі ретінде	44
Abdrasilova A.A., Satieva Sh.S. Existential dannie-tanym-psikhikalyk saulyqtuң negizi retinde.....	44
Шакеримова З.Ш., Уклеина А.М. Состав и реализация психолого-педагогических компетенции музыканта.....	49
Shakerimova Z.Sh., Ukleina A.M. The composition and implementation of the psychological and pedagogical competence of the musician	49

ҚАЗІРГІКЕЗЕНДЕГІ ОҚУ ЖАҒДАЙЫН ЖҮЙЕЛІТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

*Ж.Қ. Ибраимова - п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мақалада оқыту әдістемесінің өзін баяндаудан емес, пәнді оқытудың жалпы сауалдары мен жауаптарынан бастау х-айында мәселе көтерген. Әдістеме оқытудың психологиялық теориясына сүйенуі керектігін баса айдады. Яғни кез-келген оқу пәні оқу іс-әрекетіндегі белгілі білімді меңгеру заңдылықтарына сәйкес оқытылуы тиіс. Психологияның өзін қарастыратын болсақ, оны оқытудың әдістемесін білімді, іскерлік пен біліктілікті меңгерудің, студенттердің ақыл-ой қабілеттілігі мен танымдық қызығушылығын қалыптастырудың, оқыту мен дамытудың қазіргі заманғы психологиясы қамтыған басқа нәрселердің эмпирикалық тәжірибе жүзінде ғана жүзеге асыуы керек екендігін саралаған.

Түйін сөздер: тұлға, әдістеме, студент, іс-әрекет, оқыту, психология, іскерлік, біліктілік.

Кез-келген тапсырманы шешу барысындағы оқытушының студенттермен қарым-қатынасы меңгеру үрдісін тікелей басқарып ықпал жасамайды, оқу үрдісіндегі айнымалылардың ұйымдастырылған жүйесі арқылы ғана әсер етеді. Басқаша айтқанда, оқытуды басқаруда оқу үрдісіне қағынасатын оқытушы мен студенттің қағынасуымен болатын оқу жағдайының жүйелік ұйымдасуының заңдылықтары орын алады. Бұл жағдай теориялық талдау жасау шеңберінде оқу жағдайының құрылымын шынайы жағдайдағы ажырамас біртұтастықты білдіретін айнымалылардың өзара байланысын анықтайтын айту қажеттілігін ескертеді.

Мұндай теориялық экскурстың және оқу жағдайының құрылымы деген ұғымды пайдаланудың психология пәнін оқытушы үшін прагматикалық мағынасы мынада: оқытудағы шынайы пәнді анықтау. Осымен бірге өзі оқытатын пәннің немесе өз тұлғасының аудиторияға тікелей «психологиялық ықпал көрсетеді» деген ой-елесінен өзін сақтауы керек.

Оқу жағдайының құрылымындағы аса маңызды деген бес түрлі айнымалыны атап өтуде болады.

1. Қатынасушылардың білім беру жағдайына араласуының мағынасы.

2. Оқу пәнінің меңгерілуі мақсатында құрылым мен операцияларға бөлінген пәннің объективті мазмұны. Бұл мазмұнның құрылымға бөлінуінің сипаты студенттердің іс-әрекеттерді, қимылдарды, операцияларды меңгеруіне және оларда танымдық іс-әрекет түрлерінің қалыптасуына мүмкіндік беретін бағдарламаны білдіреді.

3. Оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үрдісін және оқу іс-әрекетінің жалпылама амалдарын меңгеру үрдісін, сондай-ақ меңгерудің бір деңгейі мен кезеңінен екіншісіне өтуді ұйымдастыратын процедуралар.

4. Оқу барысындағы тұлғаның даму жағдайын әлеуметтік тұрғыдан реттеудің түрі болып табылатын, студенттер мен оқытушы арасындағы оқу барысындағы өзараәрекеттестіктерінің жүйесі.

5. Аталған айнымалылардың меңгеру үрдісіндегі өзара байланыстарының динамикасы. Білімнің пәндік мазмұны мен оны оқу әрекетін меңгеру үрдісінің деңгейлері мен кезеңдеріне сай оқу барысындағы өзараәрекеттестік түрлерін жасаудың синхронды және диахронды процедуралары (ғылыми әдебиеттер оқу; ссмантикалық тұрғыдан біртұтас жазбаша мәтіндерді жасау; гіродуктивтік және шығармашылық тапсырмаларды бірлесіп орындау; зерттелетін құбылыстарды галдаудың, түсінудің, түсіндірудің амал-тәсілдері; талқылауды жүргізу мен дәлелдеудің амалдары және т.б.)/1/.

Оқу-тәрбие жағдайы деп барлық аталған айнымалылардың оқу үрдісі барысындағы даму динамикасында салыстыру, өзара байланысының түрі деи түсінген жөн. Басқару ықпалдарының брілігі оқу үрдісінің жекелеген бөлшектері бол алмайды, сондай-ақ оның жекелеген қатынасушылар - оқытушы мен студенттер де - басқару бірліктері бола алмайды. Басқарудың бірлігі мен мағынасы болып барлық айнымалыларымен бірге алынған оқудың біртұтас жағдай саналады. Бірнеше зерттеулер корсеткендей, оқу жағдайы құрылымындағы негізгі қозғаушы айғақтар болып бір жағынан, автори-тарлық немесе демократиялық басқару жүйесі бар оқытушы мен студенттер арасындағы қатынас-тардың жүйесі саналса, екінші жағынан, оқу пәнінің мазмұнын растайтын әр түрлі психологиялық күрделі тапсырмалар жүйесінің құрылымдық сипаты болып табылады.

Басқару ықпалдарының мағынасын анықтау оқытушы қызметі жайлы ғылыми тұрғыдан негізделген көзқарасты қалыптастыру үшін қажет. Ол оқу гiзiне қатысты бiлiмдермен қатар, оны психоло-

гиялық құрылымы алуан түрлі болады. Оқу үрдісін ұйымдастырудың мұндай керемет жақтарын жай ғана біліп қою оны басқаруда жегістікке әкеле бермейді. Оқытушы спектакль тағдырына себеп болатын солист ретінде ғана болмауы керек. Немесе Л.С.Выготский айтқандай, ол тәрбие үрдісін арқалап жүруі керек. Ол өзінің бойында «элеуметтік-тәрбие ортасын жасаушы, оның әрбір оқушымен өзара әрекеттестігін реттеуші және қадағалаушы» қабілеттілігін барынша дамытуы қажет. Бұл оқытушы «пән оқытушысы емес», ең алдымен, оқу-тәрбие жағдайын барлық айнымалыларымен бірге ұйымдастырушысы ретінде болуы керек. Шынайы бұл жағдайдың негізгі өзегі болып оқу тапсырмаларын шешу барысындағы оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынас түрлері мен шынайы әрекеттестіктері болатындықтан, оқу-тәрбие үрдісінің дәл осы жақтарын ұйымдастыру аса қамқорлықпен қарауды қажет етеді. Дәл осы жерде барлық әдістемелік проблемалар мен келіспеушіліктердің негізгі түйіні жасалады.

Сонымен, бірлескен өнімді және шығармашылық іс-әрекет жағдайының құрылымы мен жүйені құрайтын бөліктері.

Бұл құрылым мен оның психологиялық компоненттері жайлы түсінікті дәстүрлі және жаңаша білім беру жағдайларын ұйымдастырудың салыстырмалы ерекшеліктері келтірілген /2/.

Азырақ жасалынып жатқан педагогикалық қағынасқа деген зерттеушілердің аса қызығушылығына қарамастан, қазіргі кезде педагог пен оқушылардың бірлескен іс-әрекеті мен өзара әрекеттестіктің категориялары орын алады. Оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті коммуникативті әрекет-тестіктермен қатар, оқытушы мен студенттердің бастапқы деңгейіндегі қарым-қатынастары ретіндегі олардың арасындағы іс жүзіндегі пәндік ара-қатынастарынан, сондай-ақ ұжымдағы студенттер тобы мен жекелеген студенттер арасындағы қатынастардан тұрады. Бұл ара-қатынастар барлық кезде бірдей мойындала бермеген және де педагогикалық қарым-қатынастың кез-келген түріне негіз бола алады. Сондықтан да ара-қатынастардың алуан түрлі деңгейлерінің біртұтас жүйесіндегі педагогикалық қарым-қатынастар негізін анықтау қажет, «студент-студент» жүйесімен бірге «оқытушы - студент» жүйесіндегі қарым-қатынастарды қарастыра отырып, оқытушы мен оқушының бірлестігінің психологиялық механизмін ашып көрсету қажет.

Бірлескен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен амалдары зерттеудегі және оларды оқытушы-оқушы арасындағы негізгі қиыншылық болып бұл амалдардың пәннің мазмұндық мақсаты мен оқыту міндеттерін оқытушы санасы үшін бүркенуі табылады. Бұл кезде оқытушының тұлғалық ұстанымы мен оның студенттер ұжымымен бірлесуінің психологиялық ерекшеліктері сияқты бірлескен оқудың маңызды бөліктері аз мөлшерде мойындалған.

Бірлескен оқу үрдісі ден әдетте операциялармен, әрекеттермен, сондай-ақ оқытушы мен оқушылардың осы іс-әрекетті меңгеруді қалыптастыру барысындағы өзара әрекеттерінің вербальды немесе вербальды емес сигналдарымен алмасуын айтады. Бұл актілер құрылымдық іс-әрекетпен қалайда болмасын байланыты болады, оқуға қатынасушылар арасындағы қатынастармен де байланысады. Әрекеттермен алмасу актілері меңгерілетін іс-әрекеттің ішкі реттеуіштерінің қалыптасуының объективті логикасы бойынша өзгереді және қайта қалыптасады. Олар өзін-өзі басқару механизмдерін пәндік іс-әрекет амалдары рақылы, тұлғалық ұстанымдар мен оқу үрдісіне қатынасушылар арасындағы өзара әрекеттестік пен қарым-қатынас мөлшерлері арқылы жасауға бағытталады. Бірлескен іс-әрекеттің шартсыз негізі болып оның құндылық негіздері, яғни бірлескен оқытудың ортақ мағынасын құрайтын мақсаттар мен мағыналар саналады.

Бірнеше эксперименттік зерттеулер барысында қарастырылған оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетін зерттеу әрекеттері бірлескен оқу іс-әрекетінің жалпылама ерекшеліктерін анықтауға, оның қызметі мен құрылымын нақтылауға мүмкіндік береді. Оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті ең алдымен бірлескен өнімді іс-әрекеттің оқу жағдайындағы айнымалыларының барлық жүйесін ұйымдастырудың қажетті бөлігі ретінде болады. Осындай жағдайда кез-келген жаңа іс-әрекетті қалыптастыру оқытушы мен оқушылар және оқушылардың өздерінің арасындағы бірлестіктің ашық актілеріне себеп болады.

Олардың бірлескен оқу іс-әрекетінің жалпы ерекшелігі болып тұлға ұстанымының меңгерілген мазмұнын және өзіндік әрекеттерін түрлендіру, қайта қалыптастыру саналады. Бұл құндылықты мақсаттардың, мағыналық бағыттардың оқу үрдісіне қатынасушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің өзгеруінен байқалады. Тұлға ұстанымының өзгеруі іс-әрекетті меңгерудің жаңа деңгейіне және оқытушымен және басқа студенттермен қарым-қатынас жасаудың жаңа түрлеріне көшуіне мүмкіндік береді.

Тұлға ұстанымын қайта құру сияқты сипаттағы бірлескен оқу іс-әрекетін айта отырып, оған психологиялық талдау жасау барысында кәсіби іс-әрекеттің мағынасын тасымалдаушы оқытушының тұлғалық ұстанымдары мен студенттер тұлғаларының арасындағы өзараәрекеттестіктердің маңызды орын алатынын атай өткен жөн, бірақ үйрену мен оқу іс-әрекеті арасындағы емес, екеуін бірге оқу іс-әрекеті деп жиі айтады,

Интерактивті оқыту әдістері аз зерттелген жайлы және тәжірибе жүзінде барлығы тексерілмегені, бірақ жоғары нәтижелі болатыны жайлы атап айтқан жөн.

Интерактивті әдістер бірлесу әдістемесін жүзеге асырады және де оқыту барысындағы тәбиелеу мәселелерінің тиімді шешімдерін қарастырады. Оқыту барысында интерактивті әдістердің ғайдаланылуы дамыта және тәрбиелей отырып оқытудың алғы шарттары болып табылады.

Бұл жағдайдағы оқытушының рөлі оқыту барысында студентті тікелей оқытын үйрететін адамның емес, оны оқыту іс-әрекетін ұйымдастырушысының рөліне айналады. Оқытушы студенттің оқу іс-әрекетін ол оқытушының оқу материалының мәтінін енжар қабылдап, жай ғана сіңіруін емес, осын-дай және басқа білім көзі арқылы қажетті ғылыми ақиқатты ала отырып, белсенді түрде ойлануын ұйымдастырады. Сондықтан оқытушы лекция барысында да, өзіндік жұмысы барысында да, практиканы және зертханалық жұмыстар кезінде де студенттің оқу іс-әрекетін ұйымдастырушысы болып саналады. Осындай ұйымдастырудың арқасында студент ақиқатты енжар тұтынушы емес, оны белсенді «табушысы» және өндірушісі болып қалыптасады.

Осындай оқу іс-әрекетін қамтамасыз ететін оқыту әдістері оқытудың белсенді әдістері деп аталады. «Оқытудың белсенді әдістері болып жекеленген және бірлесіп оқу іс-әрекеті жағдайында толыққанды элеуметтік өнімге қол жеткізумен байланысты болатын өнімді шығармашылық іс-әрекет сияқты оқуды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдістері саналады» (3).

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы оқытудың әр түрлі белсенді әдістерін ашып көрсетуді және оларды психологияны оқытудың барлық сабақ түрлерінде - лекцияда, практикалық және зертханалық сабақтарда, сондай-ақ студенттердің ғылыми әдебиеттерді өздігінен оқуы үрдісін ұйымдастыру барысында - пайдалану мүмкіншіліктерін талдауды мақсат етеді. Сонымен, психологияны оқытудың әдістемесі студенттердің психологияны меңгеруі мен оқуының барлық сабақтарында қолданылатын белсенді әдістері ретінде ұсынылады.

Психологияны оқыту әдістемесі студент деген ықпал еілетін объектінің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Бұл студент әдетте, бірінші курс студенті болады, өйткені психология бірінші курсан бастап жүргізіледі.

Жоғары оқу орнында бірінші курста оқытын студентке берілетін кез-келген ғылыми пән мектептегі сабақтарға қарағанда басқаша оқу іс-әрекетінің түрі болып табылады. Оның жаңалығы тек қана оқылатын ғылымның мазмұндық жағын ғана емес, сондай-ақ оны оқытудың ұйымдастырушысынан, оқытушымен жасалатын өзара қатынастар тәсілдерінен, оқу материалын меңгеру әдістерінен және т.б. байқалады. Бірінші курс студенті әдетте басында бостандыққа малынады: ешкім үй тапсырмасын бермейді, оның орындалуын қадағаламайды, өткен лекция материалы бойынша сұралмайды, мектептегі сияқты сабақ қатынасуы да онша тексерілмейді. Кейбіреулері еш қамсыз күнделікті оқу міндетті емес, сессия кезінде оқулықтармен немесе бөтен конспекттермен емтиханға дайындап, тапсыруға болады деген қиялмен өмір сүре бастайды.

Психология кешегі оқытушының студенттік дербестікке бейімделуі кезінде оқытыла бастайды, Әрине, бірінші курс студентінің мұндай көңіл-күй ерекшеліктері мен мінез-құлқынан психологияны әдістемесі тысқары қала алмайды.

Аталып өткен жағымсыз құбылыстармен қатар позитивтік факторлардың ықпалы айтарлықтай болады. Студенттің бойында бұрыннан естіп жүрген барлық ғылымдарға, сондай-ақ жоғары оқу орнында бетпе-бет бірінші рет кездестіріп отырған ғылымдарға деген қызығушылығы жоғары болады.

Психология студенттердің басым көпшілігін қызықтырады. Өйткені ол оны оқи отырып алдымен өзін таниды, содан соң ол психологиялық білімдерін өзінің болашақтағы жұмысына қатысты адамдармен - оқытушылармен, әріптестерімен, қол астындағылармен, тіпті бастықтарымен қарым-қатынас барысында пайдаланатынын мойындай бастайды. Әрине студенттің психологияны оқу барысындағы мұндай қызығушылығын пәнді оқыту әдістемесінде пайдаланбай қалуға болмайды. Сондай-ақ студенттің психологияға деген қызығушылығы бұл қызығушылықты дамытып, тереңдетуді мақсат ететін оқытушының беделін арттырудың тірегі болып қалуы керек.

Пәнді оқыту әдістемесін қарастырғанда ескерілетін «оқытушы-студент» жүйесінің тағы да бір ерекшелігі бар. Оның мән-жайы мынада: кешегі мектеп оқушысы, бүгінгі бейімделмеген студент, тіпті кейбір жас оқытушылардың бірлескен іс-әрекет түріндегі оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекеттестікке қатысты пікірі. Студентті оқытушы үйретпей, студент өзі оқыған кезде, оны оқуға «мәжбүр етпей», студенттің оқуға құштарлығын тудыратын жағдай жасайтын ғана кезде қарым-қатынас ұстанымы бірден қалыптаспайды. Сонымен, оқытушы өзінің іс-әрекетінің мақсаты мен мағынасы жағынан студентке қарсы емес, оқытушы мен студенттің бірлескен оқу іс-әрекетінің сипатын анықтайтын біртұтастықты құрайды. Осы екі субъектінің бірлестігі түріндегі оқу іс-әрекеті оқыту әдістемесінде де өзіндік ізін қалдырады. Біріншіден, олардың өзара әрекеттестігі оқытушы білімін студентке тікелей беретін бетпе-бет түрінде емес, оқытушы іскерлікпен ұйымдастыратын студенттік өзіндік ғанымдық іс-әрекеті түрінде қалыптасады.

Екіншіден, өзара әрекеттестік, яғни оқу іс-әрекетіндегі оқытушы мен студенттің бірлескен шығармашылығы студент пен оқытушы ғылымды меңгеру деген не екенін, нәтижелі болуының психо-логиялық жағдайлары қандай екенін және меңгері сәтті болуы қажет ететін танушы субъектінің (студенттің жұмысын қалай ұйымдастырылуын қарастырса ғана жетістікке әкеледі.

Егер студент оқытушымен бірлесіп жемісті жұмыс жасаса ғана білімді осылайша меңгеруі мүмкін. Сондықтан психологияны оқыту әдістемесі студенттерді оқуға үйретуді, психологияны ғылыми пән ретінде оқуға үйретуді міндетті түрде қамтиды. Сонымен, оқытушы бірінші лекциядан баспа-ақ студенттермен қарым-қатынас жасау барысында білімді меңгерудің психологиялық заңдылықтары мен таныстыру арқылы оқу психологиясын іс жүзінде жүзеге асыруы қалса. Психологияны оқыту әдістемесі - бұл студенттің қалай оқитыны жайлы емес, оның оқуға деген қызығушылығын қалай арттыруға болатынын, оны өздігінен шығармашылық түрғыда оқуына үйретуге болатынын қарастыратын ғылым.

Психологияны оқыту әдістемесі педагогикалық пәндер қатарына жатады және де кез-келген педагогикалық пән сияқты оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарына сүйенеді. Оқыту психологиясы - бұл психологияны оқыту жайлы сөз болып отырғандықтан ғана емес, қандай да "олмасын пәндә оқыту жайлы сөз болғанда да орын алатын психологияны оқыту әдістемесінің негізі" олып саналады.

Педагогикалық психология түргысынан қарайтын болсақ, үйретушінің - мұғалімнің, оқытушының және үйренушінің - оқушының, студенттің - іс-әрекетін ажырата білу керек. Студенттің оқу іс-әре-сті оны жоғары мамандық иесі егіп шығарады, ал оқытушы іс-әрекеті студентті маманға айналды- ■; дың тиімді жолдарын жолдарын қамтамасыз етпелі арналған. «Сонымен қатар студенттің іс-әреке-нің қозғалысы мен дамуы барысында ғана, тек соның шеңберінде ғана маманның іс-әрекеті пайда 'лып дамытынын ескеру қажет. Оқушының іс-әрекеті ғана оқу-тәрбиелеу үрдісінің өзегі, негізгі уазмұны болады, ал оқытушы іс-әрекеті осы мазмұнның қозғалыс түрлерін қалыптастырудың құраты ': лып саналады.» (4).

Мінс, сондықтан да, ғылыми негізделген оқыту әдістемесі студенттің оқу іс-әрекетінің психоло-лық жағдайлары қарастыруы, соның ішінде, білімді меңгерудің, адамның даярланып жатқан »-. 5и іс-әрекетін орындауға бейімділігі мен іскерлігін меңгеруінің психологиялық механизмдерін - ып керсетуі қажет.

Гамезо М.В., Герасимова В.С., Маиұрцева. Методика преподавания психологии. Курс лекций. М.: издательство «Ось-89», 2007. - 144 с.

Бадмаев Б.Ц. Методика преподавания психологии: Учеб.—метод, пособие для преподават. и студ. психолог. вузов. —М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. — 304 с.

Карандашев В.Н. К21 Методика преподавания психологии: Учебное пособие. — СПб.: Питер, 2006. —

Ияудис В. Я. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. М.: УМК «Психология», 2003 - 191с..